

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі  
Семей Мемлекеттік Медицина Университеті  
Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы  
Кафедра меңгерушісі: Даутов Д.Х

# СӨЖ

**Тақырыбы: Жоғары стерильді зона туралы түсінік. Жоғары стерильді зонада өзін ұстау ережесі.**

**Орындаған: Болатқанов Қ.Ш**  
**121 ЖМФ**  
**Тексерген: Есенгулова А.Б**

Семей 2016

# Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім:

- *Жоғары стерильділік зона туралы түсінік.*
- *Жоғары стерильді зонада өзін ұстау ережесі.*

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.




# Кіріспе.

*Жоғары стерильдік зона ретінде операционды блокты қарастырамыз. Оперблокты ұйымдастырғанда сырттан инфекцияны жараға түсірмеуге, операцияны дұрыс орындауға барлық жағдайды ойластырып, ұйымдастырып жасау қажет.*



# Негізгі бөлім.

*Осы себептен, оперблоктың құрылысы, құрал-жабдықтары оларды тазалауға ыңғайлы болуы тиіс, терезелері солтүстікке немесе батысқа қарай орналастырылып, көшенің ызың-шуынан, шаң-тозаңнан алыс болғаны дұрыс. Мүмкіндігінше терезелер ағаштар өсіп тұрған жаққа қарап тұрғаны дұрыс. Хирургиялық бөлімдегі оперблок былғанатын, ластанған жерлерден (дәретхана, буфет, асхана, лекция, оқу бөлмелерінен) алыс орналасуы тиіс.*




*Қалыпты жылылық 22-24° болып, ауаның ылғалдығының 50° С жоғары болмауын, ондағы ауаның күніне 3-4 рет тазартылып отырылуын қадағалау қажет. Оперблокқа мынадай бөлмелер кіреді: операциялық, жуыну, аспаптар тұратын, залалсыздандыру, автоклавтық, жабдықтар қоймасы, қан құю, қызметкерлерге арналған, гипс салатын, операциядан кейінгі бөлмелер.*



*Іріңді жараларға операция жасалатын бөлме бөлек іріңді бөлімде орналасуы тиіс. Ол ешқашанда жалпы операциялық блокта орналаспауы керек. Операциялық бөлменің едені, қабырғалары, төбесі жууға ыңғайлы бұйымдардан жасалады.*





*Операциялық жиһаздар тот баспайтын құрыштан жасалады немесе су өткізбейтін майлы бояумен сырланады. Операциялық жиһаздар да жуылады. Операциялық бөлмеде заттар мүмкіндігінше аз болуы керек. Жұмыстан тыс уақытта бөлмені жуып қою керек. Бөлмеге тек таза халат, қалпақ, маска, аяққа жеңіл байпақ (бахилл) киіп қана кіруге рұқсат етіледі.*







*Медициналық қызметкерлер операция кезінде тазалық сақтауы керек: қанмен немесе басқа сұйықтармен ыластанған сүлгілерді, құрал-саймандарды арнаулы тегене-ыдысқа тастау керек.*



# **Операционды блокта ұстанылатын ережелер:**

- 1. Санитарлық тазалық шаралары сақталу қажет;*
- 2. Операция уақытында сөйлеуге болмайды;*
- 3. Ауызды, сақал, мұртты ,шапшты жауып тұратын арнайы  
маскалар киілуі қажет;*
- 4. Опер.блокта жұмыс жасайтын мамандардың тек сол  
бөлмеге арналған киімдері мен аяқ киімдері болуы шарт;*
- 5. Инфекциялардан сақтану үшін жараның маңын тазалап  
отыру маңызды.*



# Қорытынды.

*Стерильді зонада операция кезінде сорылып алынған қан, әртүрлі сұйықтар, ірің, т.б. жабық ыдыстарға жиналады. Операция кезінде сөйлеуге, қажетсіз әрі - бері жүруге тыйым салынады. Өйткені бұл ауадағы қоздырғыштар санын көбейтеді.*



# Пайдаланылған әдебиеттер:

- *А.Л. Гребенов, А.А. Шептулин “Основы общего ухода за больными”;*
- *С.Қ. Мұратбекова “Мейірбике ісінің негіздері” Астана 2007ж;*
- *Т.П. Обуховец “Основы сестринского дела” Ростов- на- Дону 2003ж;*
- *С.А. Мухина “Общий уход за больными” Москва 1989ж*